


СӘТБАЕВ УНИВЕРСИТЕТІ 	Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ «ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҚОҒАМЫ	
3-деңгейлі ІНҚ	2025 жылғы <u>«13» 10.</u> №1 редакция	Е.029-04-01-03.01– 2025

**ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРДЫ ПЛАГИАТҚА
ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Е.029-04-01-03.01– 2025

КІРІСПЕ


1. «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» КеАҚ, Білім беру бағдарламаларын басқару және оқу әдістемелік жұмыстар бөлімінде **ӘЗІРЛЕНДІ:**

Білім беру бағдарламаларын басқару және оқу әдістемелік жұмыстар бөлімінің бөлім басшысы  А. Жумағалиева
« 14 » 07 2025 ж.


2. КЕЛІСІЛДІ:


Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер жөніндегі проректоры  Р. Ускенбаева
« 26 » 08 2025 ж.

Басқарма мүшесі – Ғылым және корпоративтік даму жөніндегі проректор  Е. Кульдеев
« 15 » 07 2025 ж.


Академиялық даму жөніндегі Vice- Provost  Ж. Кальпеева
« 25 » 08 2025 ж.

Академиялық басқару бойынша Vice- Provost  Н. Кызылбаев
« 14 » 07 2025 ж.

Қаржы және есеп департаментінің директоры  Г.Токжигитова
« 14 » 07 2025 ж.

Ж. Ержанов атындағы Ғылыми кітапхана директоры  Ш. Омирзакова
« 15 » 07 2025 ж.

Ө.А. Байқоңыров атындағы Тау-кен-металлургия институтының директоры  Қ. Рысбеков
« 15 » 07 2025 ж.

К. Тұрысов атындағы Геология және мұнай-газ ісі институтының директоры  Е. Ауелхан
« 14 » 07 2025 ж.

Автоматика және ақпараттық технологиялар
институтының директоры м.а.

« 14 » 07 2025 ж.

Е. Чинибаев

А. Бүркітбаев атындағы Энергетика және машина
жасау институтының директоры

« 15 » 07 2025 ж.

К. Елемесов

Т.К. Басенов атындағы Сәулет және
құрылыс институтының директоры

« 15 » 07 2025 ж.

Б. Құспанғалиев

Е. Түркебаев атындағы Жобаларды басқару
институтының директоры

« 15 » 07 2025 ж.

Б. Амралинова

М. Тынышпаев атындағы Көлік инженериясы және
логистика мектебінің директоры

« 14 » 07 2025 ж.

С. Абдуллаев

Әскери істер әскери кафедра институтының
бастығы, генерал-майор

« 14 » 07 2025 ж.

В. Рысбаев

Цифрлық технологиялар және кәсіби
даму институтының директоры

« 14 » 07 2025 ж.

А. Симонов

Бағалау және сапа бөлімінің бастығы

« 12 » 08 2025 ж.

А. Сауранбаева

Докторантура және ғылыми-зерттеу
жұмыстарын ұйымдастыру бөлімі бастығы

« 15 » 07 2025 ж.

М. Хведелизе

Заңгерлік қамтамасыз ету және мемлекеттік
сатып алу басқармасы бастығының м.а.

« 21 » 07 2025 ж.

Т. Абуkenов

Құжаттамалық және қамтамасыз ету мемлекеттік тілді
бөлімінің бастығы

«22» 09 2025 ж.

 Ж. Орақбаева

3. Оқу-әдістемелік кеңестің шешімімен, хаттама № 1, «29» 09 2025 ж.

КЕЛІСІЛДІ

4. Басқарманың 2025 жылғы «13» 10 № 16 шешімімен **БЕКІТІЛДІ**

5. Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1	Қолдану саласы	6
2	Нормативтік сілтемелер	6
3	Ереженің мақсаты мен міндеттері	7
4	Жалпы ережелер	7
5	Белгілеулер және қысқартулар	7
6	Терминдер мен анықтамалар	7
7	Жүйелерді пайдалану тәртібі «Strike plagiarism.com»/ «Antiplagiat.com»	9
8	Диплом жұмысын, магистрлік диссертацияны, докторлық диссертацияны плагиатқа тексеру тәртібі	10
9	Білім алушылар мен ПОҚ құқықтары мен міндеттері	11
10	Өзгерістерді тіркеу парағы	13

1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1 Осы «Жазба жұмыстарды плагиатқа тексеру туралы ереже» (бұдан әрі – Ереже) академиялық адалдық қағидаттарын қамтамасыз ету мақсатында және Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.2 Осы Ереженің талаптары білім беру деңгейіне қарамастан Университеттің барлық білім алушыларына, сондай-ақ педагогикалық қызметті жүзеге асыратын Университеттің профессор-оқытушылар құрамына және өзге де қызметкерлеріне қолданылады.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің антиплагиат туралы Ережесі келесі нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

– 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III ҚРЗ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (05.05.2017 ж. енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен);

– 1996 жылғы 10 маусымдағы № 6-І Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүзеге асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесі;

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидалары;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары;

– Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген редакциядағы 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығымен бекітілген ғылыми дәрежелер беру қағидалары;

– Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ-дың ішкі нормативтік құжаттары.

3 ЕРЕЖЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

3.1 Мақсаты – академиялық адалдықты қамтамасыз ету, адал емес иемдену жағдайларын болдырмау және анықтау, білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның (бұдан әрі – ПОҚ) орындалған жұмыстардың түпнұсқалығына жауапкершілігін қалыптастыру.

3.2 Міндеттері:

3.2.1 Білім алушылар мен ПОҚ тарапынан оқу және ғылыми жұмыстарды өз бетінше орындауды талап ететін салаларда университеттегі оқу үдерісінің сапасын арттыру;

3.2.2 Білім алушылар мен университеттің ПОҚ-ның оқу, ғылыми, ғылыми-техникалық, жобалық, ғылыми-әдістемелік және шығармашылық қызметінің нәтижелерінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

3.2.3 Университеттің, ПОҚ пен білім алушылардың зияткерлік меншік құқықтарын қорғау;

3.2.4 ПОҚ пен білім алушыларда плагиатқа төзбеушілік көзқарасты қалыптастыру.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Осы Ережеге сәйкес барлық жұмыстарға бақылауды Басқарма мүшесі -Академиялық мәселелер жөніндегі проректор жүзеге асырады. Жалпы бақылау – ректордың құзырында.

4.2 Ереже университеттің барлық білім алушылары мен ПОҚ үшін міндетті болып табылады.

4.3 Аталған Ереже университеттің ресми сайтында жалпы танысу үшін орналастырылады.

5 БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

– **ПОҚ** – Профессорлық-оқытушылық құрам;
– **Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰЗТУ** – коммерциялық емес акционерлік қоғам «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университеті».

6 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде келесі терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

Бағаланатын жұмыс:

– **Плагиат (plagiat, plagiarism)** — басқа біреудің шығармасына авторлықты әдейі иемдену.

– **Дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік/докторлық диссертация, мақаладағы плагиат** - бұл баспа немесе электронды түрде жарияланған басқа мәтіндерден алынған үзінділерді дереккөзге толық сілтеме көрсетпей, сондай-ақ оларды тырнақшаға немесе басқа графикалық не синтаксистік ерекшелеусіз енгізу.

– **StrikePlagiarism.com** (бұдан әрі- Жүйе)- дипломдық, магистрлік, докторлық диссертациялар және ПОҚ-тың оқу-әдістемелік еңбектерінің түпнұсқалығын тексеруге арналған антиплагиаттық интернет-жүйе.

– **Antiplagiat.com** -кұжаттарды талдау және оларды ғылыми мақалаларды, интернет-ресурстарды, студенттік жұмыстарды және басқа мәтіндерді қоса алғанда, дереккөздердің кең базасымен салыстыру арқылы ғылыми, оқу және публицистикалық жұмыстардың түпнұсқалығын бағалауға арналған қарыз алу мәтіндерін тексеру жүйесі.

– **Дабыл сигналы**- Түпнұсқалық есебінде тексеріліп отырған құжатта өзге тіл әліпбиінен алынған әріптердің бар екенін білдіретін хабарлама. Бұл сигнал ғылыми жетекшінің және ПОҚ авторларының назарын осындай таңбалардың негізді қолданылғанына аударады, себебі мұндай жағдайлар Есепте плагиаттық көрсеткіштерді қолдан жасап көтеру әрекетін көрсетуі мүмкін. Мұндай құжаттар тізімде сары түспен белгіленеді және сәйкес Есепте леп белгісімен көрсетіледі.

– **Түпнұсқалық есебі (Отчет Подобия)**- Жүйе арқылы жасалған, тексерілген құжаттағы анықталған мәтіндік ұқсастықтар жөнінде ақпаратты қамтитын есеп.

– **Ұқсастық коэффициенті №1 (КП1)**- кемінде 5 сөзден тұратын үзінділер негізінде университеттің, басқа ЖОО-лардың және интернет-ресурстардың дерекқорынан алынған мәтіндік ұқсастықтардың пайыздық мөлшері. Жүйе ұсынған шекті мән- **50%-дан аспау** керек.

– **Ұқсастық коэффициенті №2 (КП2)** - кемінде 25 сөзден тұратын үзінділерге негізделген мәтіндік ұқсастықтардың пайыздық мәні. Жүйе ұсынған шекті мән- **5%-дан аспау** керек.

– **Автор**- бакалавриат, магистратура, докторантура білім беру бағдарламалары бойынша білім алушы немесе тексеруге өз еңбегін ұсынған оқытушы.

– **Әкімші (Администратор)**- пайдаланушы есептік жазбаларын басқаруға жауапты қызметкер: тіркеу, жою, тексерулерді қосу/қайта орнату, құпиясөзді жаңарту және т.б.

– **Оператор**- бітіруші кафедраның дипломдық жұмыстарды Жүйеге жүктеуге жауапты қызметкері.

– **Дипломдық жұмыс** - Автордың ғылыми дәреже алу және оны көпшілік алдында қорғау мақсатында өз бетімен орындаған ғылыми-зерттеу жұмысы.

– **Өзін-өзі плагиаттау (Самоплагиат)** - автордың бұрын жарияланған еңбектерінің мәтінін қайта пайдалану, бұл жағдай академиялық ортада құпталмайды немесе тыйым салынған болуы мүмкін. Мұндай жағдайда жаңалықтың әсері жалған көрінуі мүмкін.

– **Жалған дәйексөз беру** - мәтінге авторға тиесілі емес немесе ойдан шығарылған дәйексөздерді енгізу.

– **Деректерді бұрмалау (фальсификация)** - кез келген салада деректерді әдейі бұрмалау, жалған ақпарат тарату немесе манипуляция жасау.

7 ЖҮЙЕЛЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ТӘРТІБІ "STRIKEPLAGIARISM.COM"/ "ANTIPLAGIAT.COM"

7.1 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейіндегі білім алушылардың бітіру біліктілік жұмыстары, сондай-ақ ПОҚ-тың оқу-әдістемелік жұмыстары (*басылымдары*) «Strikeplagiarism.com» және «Antiplagiat.com» жүйесі арқылы тексеріледі.

7.2 Жүйе құжаттардың қайсысы бұрын жасалғанын анықтамайды, яғни тексеріліп отырған құжат па немесе Жүйе анықтап, дереккөз ретінде қабылдаған құжат па – белгісіз. Сондықтан тек Ұқсастық есебіне (Отчет Подобия) сүйене отырып, қай құжат түпнұсқа, қайсысы көшірме екенін анықтау мүмкін емес. Мұндай қорытынды тек құжатты терең талдаудан кейін ғана жасалуы мүмкін.

7.3 Құжаттың мазмұны келесі тұрғыда мұқият тексерілуі қажет:

Цитаталар дұрыс рәсімделген бе, библиографияда көрсетілген дереккөздерден алынған ба.

Сонымен қатар келесі жағдайлар бар-жоғы:

- өзін-өзі плагиаттау (самоплагиат);
- жалған дәйексөздерді келтіру;
- деректерді бұрмалау (фальсификация);
- көшіру (Айқас тексеру есебін (Перекрестная проверка)).

7.4 Ұқсастық коэффициенті №1 шекті мәнінен асу - "ұмытпау керек", "айтуға болады" сияқты жалпы қолданыстағы сөз тіркестерінің шамадан тыс қолданылуын білдіруі мүмкін. Әр тілде жиі қолданылатын кемінде бес сөзден тұратын тұрақты тіркестер бар, сондықтан бұл көрсеткіштің жоғары болуы плагиат ықтималдығы жөнінде тек жалпы түсінік береді. Мұндай жағдайда ғылыми жетекші құжатты қосымша тексеріп, академиялық адалдық қағидаттарының бұзылған-бұзылмағанын анықтауы қажет.

7.5 Ұсынылатын Ұқсастық коэффициенті №1 мәні келесі шектерден аспауы тиіс:

- Дипломдық жұмыстар/жобалар - 30%/20%
- **Докторлық диссертациялар - 15%**
- Магистрлік диссертациялар - 20%

- Өзіндік жазбаша жұмыстар - 40%
 - Курстық жұмыстар - 40%
 - Оқулықтар, әдістемелік құралдар - 20%
- Ұқсастық коэффициенті №2 мәні үшін шектерден аспауы тиіс:
- Дипломдық жұмыстар/жобалар-5%
 - **Докторлық диссертациялар- 5%**
 - Магистрлік диссертациялар- 5%
 - Өзіндік жазбаша жұмыстар-5 %
 - Курстық жұмыстар-5%
 - Оқулықтар, әдістемелік құралдар-5%.

8 ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН, МАГИСТРЛІК ДИССЕРТАЦИЯНЫ, ДОКТОРЛЫҚ ДИССЕРТАЦИЯНЫ ПЛАГИАТҚА ТЕКСЕРУ ТӘРТІБІ

8.1 Студенттің жұмысы (бітіру квалификациялық жұмысы, курстық жұмыс, диплом, магистрлік диссертация/докторлық диссертация және т.б.) **міндетті түрде антиплагиат жүйесін қолданып, алдын ала қорғалуына (қорғауға жіберілуіне) дейін заимстволарға тексеріледі.**

8.2 Жұмыс алдын ала қорғауға тек антиплагиат тексеру нәтижелері бойынша, білім беру ұйымының ішкі нормативтік құжаттарында белгіленген қолайлы түпнұсқалық деңгей расталған жағдайда ғана жіберіледі.

8.3 Білім алушы жұмысын strikerplagiarism.com жүйесіне жүктейді. Бағдарлама берген бірегейлік пайызы талаптарға сәйкес болған жағдайда, студент жұмысын жүйе арқылы ғылыми жетекшіге жібереді. Ғылыми жетекші жұмыстағы заимстволарды, цитаталарды және түпнұсқалық көрсеткіштерін ескере отырып, есепті қарап шығады. Әрбір жұмыс жеке-жеке жүйеде тексеріледі.

8.4 Дипломдық жұмыстары, магистрлік және докторлық диссертацияларының плагиатқа тексеру барысында Бакалавриат, Магистратура және Докторантураның соңғы курс студенттері үшін Ұқсастық коэффициенті №1 (ҰК1) – 50%, ҰК2 – 8% (шығармашылық мамандықтар үшін ҰК2 – 25%) шекті мәндері белгіленеді. Сонымен қатар «Ескерту және дабыл сигналдары» бөліміндегі әріптердің ауыстырылуына ерекше назар аударылады. Студенттерге кез келген тілден әріптерді ауыстыруға жол берілмейді.

8.5 Егер заимстволар шекті деңгейден асса немесе көздерді дұрыс пайдаланбау анықталса, студент ғылыми жетекшінің ескертулеріне сәйкес жұмысты түзетіп, алдын ала қорғауға дейін түпнұсқалықты қайта тексеруден өтуге міндетті.

8.6 Егер бітіру жұмысы плагиатқа қатысты дәлелдер тапса, жұмыс қорғауға жіберілмейді және талапкер университеттен шығарылады.

8.7 Антиплагиаттық тексеру мерзімдері мен нәтижелерін сақтау жауапкершілігі білім алушы мен ғылыми жетекшіге жүктеледі.

9 БІЛІМ АЛУШЫЛАР МЕН ПОҚ-НЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

9.1 Білім алушылардың құқықтары:

- осы Ереженің мәтінімен танысуға;
- осы Ереженің бұзылуына негізсіз айып тағылған жағдайда өзін қорғауға және дәлелдер ұсынуға.

9.2 Білім алушылардың міндеттері:

- осы Ереженің мәтінімен танысып, оның бұзылуының салдарын білу;
- бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды орындау кезінде академиялық адалдықты қатаң сақтау;
- басқаның ойы мен сөзін қолданған кезде авторын, еңбектің атауын және бетін көрсету;
- бағаланатын жұмыстардың соңында пайдаланылған әдебиеттер тізімін көрсету;
- сенімді және дәл ақпарат көздерін пайдалану.

9.3 ПОҚ-НЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ:

- осы Ереженің мәтінімен танысуға;
- осы Ереженің бұзылуына негізсіз айып тағылған жағдайда өзін қорғауға және дәлелдер ұсынуға.

9.4 ПОҚ-НЫҢ МІНДЕТТЕРІ:

- білім алушылар арасында плагиаттың қабылданбауы туралы ақпараттық жұмыс жүргізу;
- білім алушыларға сенімді және дәл ақпарат көздерін таңдауға оқыту және қолдау көрсету;
- сілтемелерді, түсініктемелерді және пайдаланылған әдебиеттер тізімін дұрыс рәсімдеу әдістерін үйрету;
- білім алушылардың жұмыстарын жетекшісі кафедра меңгерушісін, институт директорын немесе құрылымдық бөлімше басшысын осы ереженің бұзылуы жағдайлары туралы хабардар етуге міндетті.

9.5 Ғылыми жетекші білім алушылардың жұмыстарын алдын ала сапалық бақылауға және академиялық адалдықтың сақталуына жауапты болады, соның ішінде:

- мазмұнының тақырыпқа сәйкестігін және дербестік деңгейіне қойылатын талаптарға сай болуын тексеру
- білім алушыларға дұрыс цитаталау, дереккөздерге сілтеме жасау және академиялық адалдық қағидаларын сақтау дағдыларын қалыптастыруға жәрдемдесу;

– мәтінді алдын ала басқа көздерден алынғандығына талдау жүргізу (қажетті жүйелерге қолжетімділік болса).

9.6 Ғылыми жетекші білім алушылардың жұмыстарын сапа мен академиялық адалдыққа алдын ала бақылау жауапкершілігін мойнына алады, оның ішінде:

– білім алушыларды мәтіннің түпнұсқалығы мен өзге дереккөздерден алынған мәтіндерге рұқсат етілген деңгейі туралы хабардар ету;

– қорғауға тапсырмас бұрын жұмысты тексеру және қажет болса, өзге дереккөздерден алынған мәтіндер деңгейі жоғары немесе сілтемелер дұрыс емес болса, жұмысқа түзетулер енгізу үшін қайтару;

– жұмысты қорғауға бекіткеннен кейін анықталған әділетсіз өзге дереккөздерден алынған мәтіндер үшін ғылыми жетекші К.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нің ішкі нормативтік актілері шегінде тәртіптік жауапкершілікке тартылады;

9.7 Жүйелі түрде өзге дереккөздерден алынған мәтіндер деңгейі жоғары жұмыстарды қорғауға өткізетін жетекші кафедра шешімімен белгілі мерзімге ғылыми жетекшілік қызметінен шеттетілуі мүмкін;

9.8 Осы Ереженің орындалуына институттар мен кафедралар жауапты.

9.9 Осы Ережеде белгіленген талаптарды білмеу жауапкершіліктен босату үшін негіз болып табылмайды

9.10 Осы Ереже қабылданған күнінен бастап күшіне енеді және ол жойылғанға дейін белгіленген тәртіппен Университеттің уәкілетті тұлғасының шешімімен әрекет етеді.

өзгерісті тіркеу парағы

құжаттың белгіленуі

Өзгерістің р/с	Құжаттың тармағы, бөлімі	Өзгерістің түрі (ауыстыру, жою, қосу)	Күні мен нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, қолы, лауазымы